

Қажетті шарт: $V'F(x)=0$ — фабрикаға арналған бәсекелестік теңдік жеке оптимум, фабрика x_1 көлемді өндіргісі келеді.

Жер иеленуші x_2 қалайды- осыдан кейін өнім шығару артқаннан кейін ластану артады және оның шығыны артады.

Егерде фабрика үйлер болатын болса, онда ол екі пайданы да максимализациялайды және әлеуметтік оптимумға қол жеткізіледі— x^* . Егерде фабрикада үйлер болмаса конфликт туындайды: фабрика x_1 шығарғысы келеді, бірақ жер иесінің шығындары жоғары, олар x_2 нүктесінде болғысы келеді алайда ол нүктеде фабриканың табысы аз.

Мәселе мынада меншік құқықтарын қалай анықтауға болады. Кімде қандай құқық бар? Фабриканың ластауға құқылары барма? Егерде меншік құқықтары анықталған болса, жер иеленуші таза ауаға ие болуға құқылы, онда фабрика өндіріс көлемі бойынша E нүктесінен әрі ластай алмайды— олай болмаған жағдайда ластау көлемінің артқаны үшін төлеу керек болады.

Мысалы, егер өндіріс x_1 , b_1 — қосымша табыс фабриканікі, b_2 - ластауды арттырғаны үшін жер иесіне төленетін төлем. Егерде фабриканың қоршаған ортаны ластауға құқысы болатын болса онда ол x_1 нүктесіне тырысады және жер иесі фабрикаға ол x^* нүктесіне тоқтауы үшін төлейді. Егерде жер иесі $B'R - V'F - (b_2-b_1)$ — айырмашылығын төлесе фабрикаға да X_1 дейін барудың керегі жоқ.

Құқық кімде болуына қарамастан өндіріс нәтижесі әлеуметтік оптимумда болады (Парето- оптимум), бұл Коуздың теоремасы: меншік құқықтары қалай анықталса да келісімге шығын болмаса ресурсты орналастыру оптималды болады. Ол таза теориялық шешім, себебі тәжірибе бойынша бірінші келісім жүреді. Көптеген фирмалар бірімен бірі келісе алмайды. Құқықтар былайша анықталады: жер иесі фабрикаға сот арқылы қоршаған ортаны ластағаны үшін компенсациялық талаптар қоюға мүмкіндік береді. Фабрикалар нәтижесінде E нүктесінде төлейді.

Егерде шығын үшін жауапкершілік болмаса, ресурстарды орналастыру тура сондай бұрынғысынша болады. Нөлдік трансакциондық шығындарда фермердеде фабрикада да өндіріс құндылығын арттыру үшін экономикалық стимулдар болады себебі олардың әрқайсысы табыстың өсуінен өз үлестерін алады. Алайда, трансакциондық шығындар барысында қажетті нәтижеге қол жеткізілмеуі мүмкін. Қажетті ақпаратты алудың жоғары бағасы, келіссөз жүргізу, сот істері келісім жасау тиімділігінен артып кетуі мүмкін. Сонымен қатар, екі жақда шығындарын әртүрлі бағалайды. Сондықтан Коуз теоремасын түсіндіру бойынша кейінірек табыстың салыстырмалы түрдегі әсері енгізілді.

Әдебиеттер

1. Р. Капелюшников. Меншік құқығы дегеніміз не? Ол қалай бөлінеді. Қаржылық, әлеуметтік және ақпараттық технологиялар. Зерттеулер мен талдаулар. 3 басылым, М., 2004, 12-18б.
2. Д. Старк. Құрамдастырылған меншік және шығыс еуропалық капиталдың тууы \ \ Экономика сұрақтары. 2006. №6.

Мусабекова А.О. э.ғ.м., оқытушы (Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)

Исак А.Б. студент (Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)

Калыева А.А. студент (Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)

ЭКСПО-2017 КӨРМЕСІ-ЕЛДІҢ ЕРЕН ЖЕҢІСІ

Бүгінгі күні бізге қол жетімді энергоресурстар адамзаттың ажыратылмас мұрасы болып табылады, оны жауапты және ұтымды пайдалану қажет. Бұл жаһандық іс-шараның міндеті – энергия тұтынуды жоспарлау мен бақылау, сондай-ақ болашақ ұрпақтардың өмірі үшін қажетті тұрақты энергия көздері мен біздің ғаламшарымыздағы бүкіл жандыны сақтап қалу үшін халықаралық қоғамстықты жауапкершілік сезіміне шақыру.

Дүниежүзілік көрме (ағылш. World's fair) немесе Экспо (Expo) индустрияландырудың нышаны және техникалық, технологиялық табыстарды көрсету үшін ашық алаң болып табылатын халықаралық көрме.

Бірінші дүниежүзілік көрме Лондондағы Гайд-паркте, Альберт ханзаданың бастамасымен өткізілген. Көрменің бас назар аударарлық ғимараты, Джозеф Пакстонның сәулеттік жобасымен таза шыны мен болаттан тұрғызылған Хрусталь сарайы болды.

Болашақ энергиясы – бұл қазіргі заманның келелі мәселелеріне және болашақтағы шешімдерді болжауға қатысты міндеттерді шешуге бағытталған, ойлануға нәр беретін ауқымы кең тақырып болып отыр.

«Болашақ энергиясы» жобасының тақырыбы тұрақты даму ұстанымдарына негізделеді, ал оның астында экономикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарды, сондай-ақ мәдени әралуандылықпен және адам денсаулығына пайдалы ортаны қамтамасыз етумен байланысты сұраныстарды қанағаттандыруға бағытталған үдерістер ұғынылады. «Болашақ энергиясы» тұрақты қуат көздерінің дамуына бағытталған стратегияларды, бағдарламалар мен технологияларды зерттеу, қуатпен жабдықтау сенімділігі мен тиімділігін арттыру, қалпына келтірілетін қуат көздерін қолдануды ынталандыру және қонақтарға қуат көзін үнемдеу өндірісінің жоспарын дайындау мен іске асыруға, энергетикалық қорларды тиімді пайдалануға белсенді қатысу қажеттілігін көрсету тәрізді нақты мақсаттар қояды.

EXPO – таза әрі ашық бәсекелестікке арналған әлемдегі беделді алаң. Оның басты мақсаты – қатысушы мемлекеттердің адамзат өміріне қажетті барлық саладағы жаңа зерттеулері мен тың жаңалықтарын барынша насихаттау. Халықаралық көрмелер экспозиция ерекшелігіне байланысты екі түрге бөлінеді: Дүниежүзілік әмбебап көрмелер және мамандандырылған халықаралық көрмелер. Дүниежүзілік әмбебап көрмелер бес жыл са йын алты ай бойына өткізіледі. Әрі тақырыбы жағынан онда шек теулер болады. Егер, Қазақстан 2017 жылы мамандандырылған көрмені сәтті өткізсе 2020 жылы өткізу үшін , әмбебап көрмені мүмкіндік алады. Мамандандырылған халықаралық көрмелер ең көп дегенде үш айға созылады. Көрменің алаңы 25 гектардан аспауы тиіс, ал тақырыбы алдын ала ұйымдастырушыларға ескер тіледі. Негізінен, көрме тақырыбында оны ұйымдастырушы мемлекеттің белгілі бір салалардағы, соның ішінде гуманитарлық, әлеуметтік және экологиялық аспектінде қол жеткізген ғылыми технологиялық және экономикалық жетіс тіктері қамтылуы тиіс. Мәселен, Сарагос тағы қазақстандық көрме «Су және тұрақты даму» тақырыбына арналғаны белгілі. Бұл арада көрме тақырыбын тек Халықаралық көрмелердің бюросы ғана емес, БҰҰ және басқа да дүниежүзілік ұйымдар міндетті түрде мақұлдауы тиіс.

Астана ЭКСПО 2017 көрмесінің түйінді ұғымдары – «әлеуметтік-экономикалық» және «экологиялық тұрақты» – энергияны тұрақты даму мән мәтінінде пайдалану туралы ойлану нәтижесінде қалыптасады. Әлеуметтік-экономикалық салаға қатысты жоба шеңберінде қарастырылатын түйінді ұғымдарды келесі түрде жалпылауға болады:

- Қалпына келтірілетін қуат көздерін және энергияның басқа да баламалы түрлерін пайдалануға ынталандыру.

- Энергияны тұтыну тиімділігі және ұтымды пайдалану.

- Көлікті электрлендіру.

- Көпшіліктің экологиялық таза энергияға қолжетімділігі.

- Энергиямен қамтамасыз етілгендік.

- Энергия мен материяның, тіршілік пен адамның бөлінбеушілігі. Қоршаған ортаға қатысты:

- Басты электр энергиясы ретінде пайдаланудағы шектеулі және қоршаған ортаны қатты ластаушы қазбалы қуат көздері.

- Жаһандық жылыну және ауа-райының өзгеруі.

- Қоршаған ортаның ластануы және денсаулыққа қауіп-қатері.

• Қазбалы жанармайды пайдалану және көмірқышқыл газының шығарылуын азайту. Осылайша: «БОЛАШАҚ ЭНЕРГИЯСЫ» тақырыбына халықаралық көрме өткізу біздің тіршілігіміздегі басты мағынаға ие болатын және біздің өміріміздің қауіпсіздігі мен сапасын арттыруда шешуші рөл атқаратын мәселе туралы ойлануға мәжбүр етеді. Бұл мәселе көліктерімізді энергиямен жабдықтауда, үйлерімізді жылытуда және қалаларымызды жарықтандыруда пайдаланатын азды-көпті дәстүрлі қуат көздерінің үдемелі ескіруі, толығу мүмкіншілігінің жоқтығы және оларды пайдаланудың біздің планетамызға, денсаулығымызға және қауіпсіздігімізге күрделі әсер етуі сенімсіздік пен қамқөңілдік тудыратын кезеңде әсіресе өзекті болып табылады.

Экспо 2017 иесі 2012 жылдың 22 қарашасында Францияның астанасы Париж қаласында ХКБ-нің ЕХРО халықаралық бюросы Бас ассамблеясының 152-ші сессиясы барысында белгілі болды. Жасырын дауыс беру қорытындысы бойынша Астана үшін ХКБ-ның 103 мүше-мемлекеті дауыс берген, ал бельгиялық Льеж қаласы 44 дауыс жинады.

Астана ЭКСПО-2017 бүкіләлемдік аренада Қазақстанның танылуы мен туристік тартымдылығын арттыруға, біздің халқымыздың қонақжайлылығын көрсетуге бағытталған. Көрме өткізу, сонымен қатар елорданың, тұтастай еліміздің экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы үшін қосымша стимул болады. ЭКСПО өткізу орнында салынатын объектілер болашақта Қазақстан мен оның елордасын ірі халықаралық, көрмелік және ақпараттық- презентациялық алаң ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Астанадағы бүкіләлемдік көрме 3 айға дейін жалғасатын болады. Оған әлемнің 100-ге жуық елі және 10 халықаралық ұйым қатыса алады. Көрмеге 2 миллионнан астам адам қатысады деп күтіліп отыр.

ЕХРО-2017 көрмесінің «Болашақтың энергиясы» тақырыбы ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясын, бүгінде бар баламалы энергия көздерін пайдалануда жаңа әзірлемелер мен технологияны пайдалануға мүмкіндік береді. Көрме сондай-ақ елдің өндірістік қуаты мен ғылыми базасын технологиялық жаңғырту және экономиканы жүйелі әртараптандыру үшін қуатты серпін береді. Мұндай ауқымды іс-шараны өткізу ісіне, соның ішінде көрмелер объектілері құрылысы мен инфрақұрылымына шағын және орта бизнес атсалысатын болады.

ЕХРО көрмесін өткізу кезінде Қазақстанның астанасы әлемнің түкпір-түкпірінен келген түрлі мәдениеттердің үндесетін орнына айналмақ. Көрменің аумағында күн сайын концерттер, шоу, ұлттық күндер және өзге де ойын-сауық іс-шаралары өтетін болады.

ЭКСПО бізге не береді? Оның Қазақстан үшін қандай пайдасы бар? Елдің дамуындағы экономикалық тиімділігі қандай? Біріншіден, бұл еліміз үшін үлкен абырой болмақ. Ауқымы жағынан Олимпиада ойындары мен әлемдік футбол чемпионатынан кейінгі орында тұрған көрмені ТМД кеңістігінде тұңғыш рет Қазақстан өткізгелі тұр. Сыртқы саясаттағы табысымыз бен елді біріктіріп, тұтастыра түсетін уақыттық нышан. Екіншіден, Астанаға 3 айдың ішінде 5 миллионның үстінде адам келеді деп күтіліп отыр. Бұл миллиондардың ішінде инвесторлар да, туристер-де, журналистер-де болады. Демек, Қазақстанға ақпараттық шу, туристік қызығушылық инвестициялық климат жағынан болсын, бұл көрме әбден тиімді. Үшіншіден, көрме Астананың инфрақұрылымына үлкен серпіліс әкеледі. Жаңа қонақүйлер салынады, жаңа жұмыс орындары ашылады, жеңіл рельсті трамвай жолдары салынып, сауда-саттық дамиды. Шағын және орта бизнес өркендейді. Және бұл көрме елдегі новаторлық рухты жанудың, ғылымға ұмтылуға құлшыныс берудің таптырмас тетігі. Төртіншіден, Астана көрмесінің бас тақырыбы - «Болашақ қуаты». Жасыл технологияларды дамыту, балама қуат көздерін табу мәселесі өзекті боп тұрған заманда 2017 жылғы көрме талай бастаманы іске асыру кілтінә айналады.

Әдебиеттер

1) <http://e-history.kz>

- 2) <https://kk.wikipedia.org>
- 3) <https://strategy2050.kz>
- 4) <http://www.diapazon.kz>

Кочербаева А.А. д.э.н., профессор
(Кыргызско-Российский Славянский Университет)
Стыбаева А.З. аспирант, 1 курс
(Бишкекский гуманитарный университет имени К. Карасаева)

ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ КАК ОСНОВНОЙ ФАКТОР ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ

Происходящие в последнее время инновационные процессы во всех сферах социально-экономической системы, сочетающиеся с возрастающим интересом экономической теории к человеческим способностям, реализуемым в форме человеческого капитала, приводят к формированию инновационного общества, конкурентоспособность которого обуславливается не столько материальными активами, которые тоже, бесспорно, выступают в качестве главной роли, сколько уровнем инновационно-интеллектуального развития.

Концепция человеческого капитала становится прочной основой для разработки программ дальнейшего развития системы образования, науки, техники, здравоохранения, распределения трудовых ресурсов. В настоящее время для обращения человеческого капитала в главный фактор инновационного развития общества, экономики и государства в целом, следует верно использовать этот ценный ресурс, чтобы он приносил пользу экономике страны. Важно на уровне государства сделать правильный выбор ориентиров и направлений дальнейшего развития, выделить наиболее приоритетные направления развития и использования человеческого капитала, что должно привести к формированию такой экономической стратегии развития, ядром которого будет человек с накопленным запасом знаний, навыков, инновационных идей.

Рост человеческого капитала непосредственно связан с инновационным развитием общества. Важное значение в росте человеческого капитала играет вклад государства как основного социального инвестора в национальной экономике. Одной из форм такого инвестирования является финансирование социальной защиты населения. Однако государство не остается единственным вкладчиком в развитие человеческого капитала, также являются предприятия, общественные организации и семья. При этом социальные инвестиции направляются на развитие таких способностей и достижение таких компетентностей работников и членов их семей, которые будут способствовать инновационному развитию общества.

В Послании Президента Республики Казахстан народу Казахстана «Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации» Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев особо подчеркнул ведущую роль образования в стратегии развития Казахстана: «Страна, не умеющая развивать знания, в 21 веке обречена на провал» [1].

В современной экономике произошла существенная перемена факторов и источников, влияющих на экономическое развитие. Инновации и человеческий капитал становятся одним из наиболее эффективных факторов социально-экономического и политического развития. Соответственно, формирование инновационной экономики является оптимальным вариантом развития Казахстана в третьем тысячелетии. Однако выбор инновационной направленности развития предполагает соответствующие структурные изменения и модернизацию существующей системы экономических связей.